



БЕКІТІЛГЕН

**«Шәкәрім университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
№7 хаттама «25» тамыз 2025 жыл**

**«Шәкәрім университеті» КеАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау
қағидалары**

Семей қ, 2025 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Шәкәрім университеті» КЕАҚ-дағы (бұдан әрі – Университет) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, сондай-ақ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді және Университетке оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінде бекітілген нормаларды қайталамайды.

3. Үлгілік қағидаларда айқындалған құжаттар тізбесі, оларды қабылдау тәртібі мен мерзімдері және өзге де шарттар осы Ережелерге қолданылады және бөлек көрсетілмейді.

4. Осы Ережелер мен Үлгілік қағидалардың арасында алшақтықтар немесе қайшылықтар анықталған жағдайда, Университет Үлгілік қағидалардың нормаларын басшылыққа алады, Үлгілік қағидаларда Университеттің дербес шешім қабылдау құқығы көзделген жағдайларды қоспағанда.

2. Негізгі ережелер

2.1. Осы Ережелерде келесі ұғымдар қолданылады:

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – Университетке түсу үшін заңнамада белгіленген іріктеу емтихандарының бір түрі;

Кешенді тестілеу (КТ) – бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып өткізілетін емтихан түрі;

Шекті балл – Үлгілік қағидаларда белгіленген, әр пән және барлық пәндер (немесе тестілеу пәндері) бойынша, сондай-ақ Университеттің білім беру бағдарламалары топтары бойынша жинақталуға тиіс ең төменгі балл, ол республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға немесе Университетке ақылы негізде қабылдануға құқық береді;

Білім беру гранты – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шарттар негізінде оқуға «бакалавр» немесе «магистр» академиялық дәрежесін беру арқылы жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін білім алушыға ұсынылатын нысаналы ақша қаражаты;

Электрондық куәлік – ҰБТ мен КТ нәтижелерінің балдарын ресми растайтын, үміткердің бірегей деректерін қамтитын және Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жарияланатын электрондық құжат;

Білім беру бағдарламасы (ББ) – оқытудың мақсаты, нәтижелері мен мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқу нәтижелерін бағалау өлшем шарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

Білім беру бағдарламалары топтары (ББТ) – даярлау бағытының бейіні ортақ білім беру бағдарламаларының жиынтығы және белгілі бір білім саласы шеңберінде кадр даярлауды қамтамасыз етеді;

Талапкерлер – өз өтініші мен құжаттарын тапсыру арқылы Университетке түсу ниетін білдірген жеке тұлғалар;

Қабылданғандар – Университеттің білім алушылар контингентіне қабылдау үшін, соның ішінде конкурстық іріктеуден өткен жеке тұлғалар;

Шифрлау және кодтау – қабылдау комиссиясының (ҚК) емтихан парақтарын код беру арқылы дербестендіруді алып тастау, кейін оларды дешифрлау және емтихан нәтижелерін жариялау жөніндегі дәйекті іс-әрекеттері.

2.2. Университет кадрларды даярлауды осы Ережелерге 1-қосымшаға сәйкес кадрларды даярлау бағыттары бойынша жүзеге асырады.

2.3. Университет қысқартылған оқу мерзімдері бойынша тұлғаларды қабылдауды және оқытуды жүзеге асырады.

2.4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау конкурстық іріктеу нәтижелері негізінде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- Мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде және республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға берілетін жоғары білімнің білім беру гранты бойынша, егер әрбір деңгейдегі білімді талапкер алғаш рет алатын болса;

- Университеттің ақылы білім беру қызметтері негізінде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, соның ішінде білім беру несиелері есебінен;

- Жергілікті бюджеттен бөлінетін білім беру гранттары негізінде;

- PhD докторларын, бейін бойынша докторларды мақсатты даярлау негізінде.

2.5. Қазақстан Республикасының азаматтарын бакалавриатқа, магистратураға, докторантураға ақылы оқуға қабылдау тандалған білім беру бағдарламасы бойынша ҰБТ/КТ шекті балының немесе докторантураға түсу емтиханының нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

2.6. Шетел азаматтарын Университетке ақылы негізде қабылдау Университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүргізіледі.

2.7. Бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары топтарына қабылдау, арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, соның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша қабылдау, Үлгілік қағидаларда көрсетілген өту

балдарымен ҰБТ, КТ, шетел тілін меңгеру бойынша халықаралық куәлік нәтижелері, докторантураға түсу емтиханы, арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

PhD философия докторларын, бейін бойынша докторларды мақсатты даярлау жөніндегі шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен және тапсырыс берушілермен жасалады.

Шетелдіктермен шарттар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалады.

2.8. Университеттің білім алушылар контингенті конкурс арқылы түскен тұлғалардың нәтижелері бойынша бакалавриат білім алушыларын 25 тамызға дейін, магистратура мен докторантура білім алушыларын 28 тамызға дейін және 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейінгі мерзімде қабылдау туралы бұйрық шығару жолымен қалыптастырылады.

2.9. Магистратура мен докторантураға түсушілердің таңдаған білім беру бағдарламалары бойынша пререквизиттері бітіруші кафедралармен қалыптастырылып, Университеттің Басқарма Төрағасы–Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2.10. Пререквизиттері бар қабылданғандар оларды ақылы негізде, қабылданғаннан кейін 1 (бір) академиялық оқу кезеңі ішінде меңгереді.

2.11. Құжаттарды қабылдау дәстүрлі форматта да, виртуалды қабылдау комиссиясы (ВҚК) арқылы онлайн форматта да жүзеге асырылады.

2.12. Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызметін өтеген Қазақстан Республикасы азаматтарын Университетке ақылы негізде оқуға қабылдау әскери қызметтен кейінгі екі жыл ішінде университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызметін өтегендерді бейіндік магистратураға ақылы негізде әскери қызметтен кейінгі үш жыл ішінде қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша, емтихансыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызметін өтеген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүргізіледі.

2.13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №606 бұйрығына сәйкес әрбір білім беру бағдарламасы бойынша оқу тобы кемінде 16 білім алушыдан қалыптастырылады. Егер қабылдау 16 білім алушыдан аз болса, университет талапкерді туыстас білім беру бағдарламасына қабылдауға құқылы және бұл туралы ағымдағы жылдың 20 тамызына дейін хабарлайды. Университеттің қабылдау ережелерімен келіспеген жағдайда талапкердің басқа оқу орнына түсуге құқығы бар.

3. Құжаттарды қабылдау

3.1. Құжаттарды қабылдауды Университеттің Басқарма Төрағасы–

Ректорының бұйрығымен бекітілген құрамдағы қабылдау комиссиясы (ҚК) жүзеге асырады.

3.2. Талапкерлердің құжаттарын қабылдау мерзімдері Үлгілік қағидаларда белгіленген тәртіпке сәйкес айқындалады.

3.3. Барлық талапкерлерге Университеттің веб-сайтында «Платон» ақпараттық жүйесінің «Абитуриент» модулі арқылы өз бетінше тіркелуге міндетті рұқсат беріледі.

3.4. ҚК талапкерлердің, соның ішінде шетел азаматтарының құжаттарын мынадай тәсілдердің кез келгенімен қабылдайды:

- Құжаттарды қабылдау залында (мекенжайы: Семей қ., Қашағанов к-сі,
- Электрондық кезек тәртібімен көшірмелер түрінде және түпнұсқаларын салыстыру үшін ұсына отырып;
- Электрондық үкіметтің www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы кезексіз электрондық құжаттар түрінде;
- Университеттің «Платон» ақпараттық жүйесінің «Абитуриент» модулі арқылы кезексіз электрондық құжаттар түрінде

3.5. Құжаттардың толық тізбесі Үлгілік қағидаларда көрсетілген.

3.6. ҚК-нің жұмыс уақыты: дүйсенбі–жұма күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін, сағат 13:00-тен 14:00-ге дейін үзіліспен; сенбі күні сағат 9:00-ден 13:00-ге дейін, үзіліссіз. Демалыс күні – жексенбі.

3.7. Талапкерлердің құжаттары толықтығы бойынша қабылданады, олардың түпнұсқалығы тексерілмейді, тек мынадай айқын жалғандық белгілері болған жағдайларды қоспағанда: түзетулер мен қоспалар, қатаң есептілік бланкілерінің талаптарына сәйкессіздік, мәтінді өшіру іздері, қолданылу мерзімінің өтуі, құжат көшірмелерінің сапасыз бейнесі және өзге де күмәнді жағдайлар.

3.8. Құжаттарды қабылдағаннан және өңдегеннен кейін техникалық хатшылар талапкерлерге мына құжаттардың бірін қолма-қол, порталда жеке кабинетке немесе электрондық пошта арқылы жолдайды:

- Құжаттарды қабылдау туралы түбіртек;
- Өтінішті тіркеу туралы хабарлама және Университеттің «Платон» ақпараттық жүйесінің «Абитуриент» модулінде міндетті тіркеуден өту қажеттілігі жөніндегі жадынама;
- Толық емес немесе шынайы емес құжаттарды қабылдаудан дәлелді бас тарту, анықталған ескертулерді жою мерзімін көрсете отырып.

4. Емтихандарды ұйымдастыру және өткізу

4.1. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін, сондай-ақ докторантураға түсушілердің жазбаша жұмыстарын тексеруді жүргізу үшін Университеттің Басқарма Төрағасы–Ректорының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен білім беру деңгейлері бойынша емтихан комиссиялары (ЕК) құрылады.

Бакалавриатқа түсушілерге арналған арнайы және (немесе)

шығармашылық емтихандар комиссиясының құрамына Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамынан (ПОҚ), қоғамдық ұйымдардан және бұқаралық ақпарат құралдарынан өкілдер кіреді. «Өнер» және «Жалпы дамыту пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыттары бойынша шығармашылық емтихандар комиссиясының құрамына сонымен қатар тиісті бейін бойынша білімі бар және мәдениет пен спорт саласындағы жергілікті уәкілетті органның ұсынымымен тартылған тұлғалар енгізіледі.

Докторантураға түсушілердің жазбаша жұмыстарын тексеру үшін құрылған ЕК-нің құрамына Университеттің бейіні бойынша ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар, не философия докторы (PhD) дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрамы енгізіледі.

Апелляциялық комиссияның мүшелері емтихан комиссиясының құрамына кірмейді. Комиссия тақ саннан құралады, оның төрағасы комиссия мүшелері арасынан көпшілік дауыспен сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі. Комиссия шешімі емтиханда қатысқан мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.2. Шығармашылық емтихан тапсыруға өтініштер Университетте күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 10 тамызына дейін қабылданады:

- 20 маусымнан 7 шілдеге дейін – білім беру гранты конкурсына қатысу үшін.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 7 шілдесінен 15 тамызына дейін өткізіледі.

- 8 шілдеден 15 шілдеге дейін – білім беру гранты конкурсына қатысу үшін.

4.3. Жоғары білімнің шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсетін және жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Жоғары білімнің қысқартылған оқу мерзімдері көзделген, шығармашылық дайындықты қажет ететін туыстас бағыттар бойынша білім беру бағдарламаларына түсушілер бір шығармашылық емтихан тапсырады..

4.4. Бакалавриаттағы арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламаларын ҚК төрағасы бекітеді.

4.5. Бакалавриаттағы арнайы және шығармашылық емтихандардың кестесі (емтихан өткізу формасы, күні, уақыты мен орны, консультациялар) ҚК төрағасымен бекітіледі, талапкерлердің назарына жеткізіледі және Университеттің <https://shakarim.edu.kz/> сайтында орналастырылады.

4.6. Докторантураға қабылдау емтихандарының бағдарламасы Басқарма мүшесі - ғылым жөніндегі проректормен бекітіледі, ал бакалавриаттағы арнайы және шығармашылық емтихандардың бағдарламалары (белгіленген үлгідегі емтихан билеттері) бітіруші кафедрамен әзірленіп, Университеттің Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректормен

бекітіледі.

4.7. Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін кемінде 12 сағат бұрын тиісті БББ тобы бойынша ЭК мүшесі ҚК-ден мына құжаттарды алады:

- Белгіленген үлгідегі мөрі қойылған нөмірленген жауап парақтары (дәстүрлі форматта);

- Белгіленген үлгідегі қабылдау емтихандарының тізімдемелері;

- БББ тобы бойынша емтихан қабылдау жөніндегі ЕК отырысының хаттамасы үлгісі;

- Емтихан билеттері салынған конверт.

4.8. Арнайы және шығармашылық емтихан аяқталғаннан кейін емтихан тезімдемелері мен отырыс хаттамасы ББ тобы бойынша ЕК төрағасымен сол күні ҚК-нің жауапты хатшысына өткізіледі.

4.9. Шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша жауаптар міндетті түрде шифрлау және кодтау рәсімінен кейін тексеруге жіберіледі.

4.10. Талапкер арнайы немесе шығармашылық емтиханға жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

Арнайы және шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазба жүргізу арқылы өткізіледі.

Емтихан нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

4.11. Арнайы және шығармашылық емтихандар бакалавриатта қосымшаның 2-тармағына сәйкес ББ топтары бойынша өткізіледі.

4.12. Арнайы және шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде ЭК мүшелері талапкерлердің келесі талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге міндетті: өздігінен жұмыс істеу; емтихан алушылармен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу; емтихан материалдарымен алмасуға, көшіруге, оқулықтарды, басқа әдістемелік әдебиеттерді, ұялы телефондар мен байланыс құралдарын және оларға арналған аксессуарларды әкелуге және қолдануға болмайды; емтихан біткенше орындарынан тұрмау, аудиториядан тек емтихан алушының рұқсатымен шығу.

4.13. Шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларына тіркеу «Платон» ақпараттық жүйесінің «Абитуриент» модулі арқылы <https://platonus.shakarim.kz/registration.html> мекенжайында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихандар Емтихан өткізу бағдарламаларына сәйкес өткізіледі.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнайы емтихан компьютерлік тестілеу әдісімен <https://talapker.shakarim.kz/> платформасында өткізіледі.

4.14. Талапкер келесі жағдайларда арнайы немесе шығармашылық емтиханға жіберілмейді немесе емтиханнан шеттетіледі:

- Талапкер жеке басын куәландыратын құжаттағы мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда;

- Талапкер осы Қабылдау ережелерінде көзделген талаптарды бұзған жағдайда.

4.15. Арнайы немесе шығармашылық емтихандардың нәтижелері

бойынша ҚК талапкерге нәтижелері көрсетілген тізімдемеден үзінді береді.

4.16. Емтихандарды өткізу кезеңінде даулы мәселелерді шешу үшін Университеттің Басқарма Төрағасы–Ректорының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен тақ саннан тұратын, төраға мен хатшыны қоса алғанда, апелляциялық комиссия (АК) құрылады.

4.17. Апелляцияға өтініш арнайы немесе шығармашылық емтихан тапсырған талапкердің өзі тарапынан АК төрағасының атына ғана беріледі және емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күннің сағат 13:00-ге дейін қабылданады, ал апелляциялық комиссия өтінішті бір күн ішінде қарайды.

4.18. АК өтінішті талапкердің қатысуымен және оның жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда жеке тәртіпте қарайды. Талапкер АК отырысына келмеген немесе жеке басын куәландыратын құжаты болмаған жағдайда, тиісті хаттама жасалып, оған отырысқа қатысқан барлық мүшелер қол қояды, ал мұндай өтініш қараусыз қалдырылады және хаттама көшірмесі қоса тіркеліп, қайтарылады.

Өтінішті қарау қорытындысы бойынша АК келесі дәлелді шешімдердің бірін қабылдайды:

- өтінішті толық қанағаттандыру;
- өтінішті ішінара қанағаттандыру;
- өтінішті қанағаттандырудан бас тарту.

4.19. АК шешімі талапкерге жазбаша түрде жарияланады. АК шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі. Арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу бойынша апелляция туралы шешім АК мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның даусы шешуші болып табылады. АК жұмысы төраға және қатысқан барлық мүшелер қол қоятын хаттамамен рәсімделеді..

5. Университетке қабылдану

5.1. Бакалавриатқа, оның ішінде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларына қабылдау БББ топтары және тілдік бөлімдер бойынша ҰБТ нәтижелері негізінде жүзеге асырылады, бірақ осы Ережелердің 4-қосымшасында көрсетілген шекті өту баллдарынан төмен болмауы тиіс.

5.2. Шетел азаматтарын бакалавриаттың ақылы бөліміне қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша жасалған хаттама негізінде жүргізіледі.

5.3. Орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар, жоғары білімнің қысқартылған оқу мерзімін көздейтін туыстас кадрлар даярлау бағыттарына түсуге құқығы барлардан басқа, шекті балды жинамаған, бейіндік пәндердің сәйкес келмейтін комбинациясымен ҰБТ нәтижесі бар немесе ҰБТ нәтижелері жойылған тұлғалар Университетке күндізгі оқу нысаны бойынша ақылы негізде қабылданады.

Бірінші оқу жылы аяқталғанға дейін мұндай тұлғалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай ұлттық тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес белгіленген мерзімде ҰБТ-ны қайта тапсырады.

Бірінші оқу жылының қорытындысы бойынша ҰБТ-дан шекті балды қайта жинай алмаған тұлғалар Университеттен шығарылады.

5.4. Қысқартылған оқу түріне қабылдау:

5.4.1. Техникалық және кәсіптік білім (бұдан әрі – ТжКБ) туралы дипломы бар тұлғалар осы оқу түріне қабылдау жоспары көзделген туыстас білім беру бағдарламалары бойынша қысқартылған оқу түріне түсуге құқылы. Қабылдау:

- ҰБТ нәтижелері негізінде – талапкердің өтініші бойынша және ТжКБ дипломының бейіні таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес келген жағдайда;

- ТжКБ дипломы негізінде – ҰБТ тапсырмай-ақ, егер талапкер туыстас білім беру бағдарламасын таңдаса және құжаттарды ақылы негізде тапсырса.

- *Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім негізінде оқуға қабылдау тек дипломда көрсетілген біліктілікке сәйкес мамандықтар бойынша, Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен классификаторға сәйкес жүргізіледі.*

- Туыстас мамандықтарды Университет Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен классификаторға сәйкестігі негізінде айқындайды.

- Қабылдау қабылдау комиссиясы төрағасымен бекітілген сұрақтар мен форматы бойынша емтихан нәтижелері негізінде жүргізіледі.

1) Тестілеуге рұқсат қабылдау комиссиясы төрағасының атына өтініш бергеннен кейін беріледі.

2) Талапкер емтиханға жіберіледі және қабылдану үшін жалпы балл санының кемінде 30%-ын жинауға міндетті.

5.4.2 Жоғары білім (бұдан әрі – ЖБ) туралы дипломы бар тұлғалар осы оқу түріне қабылдау жоспары көзделген кез келген білім беру бағдарламасы бойынша қысқартылған оқу түріне түсуге құқылы.

- ЖБ дипломы негізінде – ҰБТ тапсырмай-ақ, егер талапкер ЖБ дипломы негізінде қабылдау көзделген білім беру бағдарламасын таңдаса және құжаттарды ақылы негізде тапсырса.

5.5. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға конкурс негізінде КТ-дан ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады:

1) Ғылыми-педагогикалық бағытқа, оның ішінде шығармашылық дайындықты талап ететін ОП топтарына – кемінде 75 балл, Қабылдау үлгілік қағидаларының 7-қосымшасына сәйкес;

2) Бейіндік магистратураға – кемінде 30 балл, Қабылдау үлгілік қағидаларының 8-қосымшасына сәйкес.

Магистратураның ақылы бөліміне шетел азаматтарын қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша хаттама негізінде жүргізіледі..

Басқарушы лауазымдарда кемінде бес жыл еңбек өтілі бар тұлғалар

(саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес), немесе бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні бойынша кемінде он жыл еңбек өтілі бар тұлғалар қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

5.6. Докторантураға қабылдау шетел тілін меңгеру деңгейін жалпы еуропалық құзыреттерге (стандарттарға) сәйкес растайтын халықаралық куәлік және докторантураның ОП тобы бойынша бейіндік емтихан нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау үшін кемінде 100 балдың 75 балын жинау қажет.

Докторантураның ақылы бөліміне шетел азаматтарын қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша хаттама негізінде жүргізіледі.

5.7. Бакалавриатқа қабылдау ағымдағы жылдың 10–25 тамызы аралығында, магистратура мен докторантураға қабылдау 10–28 тамызда және 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін Университеттің Басқарма Төрағасы–Ректорының бұйрығымен жүргізіледі.

6. Шетел азаматтарын қабылдау тәртібі

6.1. Шетел азаматтарын ақылы оқу түріне қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

6.2. Білім беру бағдарламалары бойынша оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

6.3. Әңгімелесуге құжаттарды қабылдау Типтік қабылдау ережелерінде белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады;

Шетел азаматтары оқуға түсу процесін алдын ала бастай алады;
~~университет азаматтық талаптардың әңгімелесу нәтижелері негізінде жыл бойы ақылы негізде қабылдайды~~

6.4. Әңгімелесу үміткердің тандаған оқу тіліне сәйкес үш тілдің бірінде: мемлекеттік, ағылшын немесе орыс тілінде өткізіледі.

6.5. Магистратура мен докторантураға шетел азаматтарын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылдау ратификацияланған халықаралық шарттардың нормаларына сәйкес конкурс негізінде жүзеге асырылады, магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды қоспағанда.

6.6. Шетел азаматтарымен әңгімелесуді ұйымдастыру және өткізу үшін Университеттің Басқарма Төрағасы–Ректорының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен емтихан комиссиялары (ЕК) құрылады.

6.7. ЕК құрамы Университеттің профессор-оқытушылар құрамынан (ПОК), тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар тұлғалардан құралады.

6.8. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

6.9. Шетел азаматтарымен әңгімелесу бағдарламалары ҚК төрағасы тарапынан бекітіледі.

6.10. Шетел азаматтарымен әңгімелесу бағдарламалары ҚК төрағасы тарапынан бекітіледі.

6.11. Шетел азаматтарымен әңгімелесу кестесі ҚК төрағасы тарапынан бекітіледі және талапкерлерге жеткізіледі, сондай-ақ сайтта жарияланады.

6.12. Шетел азаматтарымен әңгімелесу басталардан 1-2 сағат бұрын ҚК мүшесі ОП тобы бойынша талапкерлер санына қарай ҚК-дан:

- белгіленген үлгідегі әңгімелесу тізімдемелерін;
- белгіленген үлгідегі ОП тобы бойынша ЕК отырысының хаттамасы үлгісін алады.

6.13. Шетел азаматтарымен әңгімелесу аяқталған соң онлайн-әңгімелесудің жазбалары емтихан күні ҚК жауапты хатшысына сақтауға беріледі.

6.14. Шетел азаматтарымен әңгімелесу бейне және (немесе) аудио жазба жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

6.15. Әңгімелесудің ұзақтығы жеке анықталады, бірақ бір адамға 30 минуттан аспайды.

6.16. Әңгімелесу нәтижелері өткізілген күні университет сайтында жарияланады.

6.17. Шетел азаматтарымен әңгімелесу ББ топтары бойынша, ББ топтарының Тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

6.18. Шетел азаматтарын әңгімелесуге тіркеу «Platonus» ААЖ-нің «Абитуриент» модулі арқылы жүзеге асырылады.

6.19. Шетел азаматтарымен әңгімелесу онлайн режимде өткізіледі. Онлайн әңгімелесуге қатысушы шетел азаматы әңгімелесу кестесіне сәйкес арнайы сілтеме арқылы (ол алдын ала «Platonus» ААЖ-нің «Абитуриент» модулінде көрсетілген поштасына жіберіледі) конференцияға қосылып, камера мен микрофонды белсенді күйде ұстауы тиіс.

6.20. Талапкер төмендегі жағдайларда әңгімелесуге жіберілмейді немесе әңгімелесуден шеттетіледі:

- талапкер жеке басын куәландыратын құжаттағы деректерге сәйкес келмейді;

- талапкер осы Ережелерде көзделген талаптарды бұзды.

6.21. Шетел азаматтарының Университетте оқуға дайындығын бағалау Комиссиямен «рұқсат етілді» немесе «рұқсат етілмеді» форматында айқындалады.

6.22. Әңгімелесу нәтижелері бойынша апелляция қарастырылмайды. Қайта тапсыруға жол берілмейді.

6.23. Шетел азаматтарымен шарттар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалады.

6.24. Шетел азаматтарын ақылы бөлімге қабылдау білім беру деңгейлері бойынша әңгімелесу нәтижелері жөніндегі хаттама негізінде жүргізіледі.

6.25. Шетелдік талапкерлер үшін барлық білім беру деңгейлеріне түсу кезеңдерінің алгоритмі:

6.25.1. Түсу кезеңдері мыналарды қамтиды:

6.25.1.1. Өтініш беру.

Шетелдік талапкер бакалавриатқа қабылдау туралы өтінішті толтырады. Құжаттарды бірнеше тәсілмен тапсыруға болады:

- Жеке өзі (офлайн) – университеттің Қабылдау комиссиясы арқылы
- Онлайн – университеттің «Platonus» ақпараттық жүйесі («Абитуриент» модулі) арқылы

Барлық талапкерлерге университеттің сайтында «Platonus» ААЖ арқылы дербес тіркелу мүмкіндігі беріледі.

Құжаттарды қабылдау Типтік қабылдау ережелерінде белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Ескерту: талапкерлер оқуға түсу процесін алдын ала бастай алады; университет шетелдік талапкерлерді әңгімелесу нәтижелері бойынша жыл бойы ақылы негізде қабылдайды, алайда қабылдау оқу кезеңінің басталуымен байланыстырылады.

6.25.1.2. Қажетті құжаттарды тапсыру.

Өтініш бергеннен кейін талапкер қажетті құжаттар топтамасын ұсынады. Шетел азаматтарына бакалавриатқа түсу үшін келесі құжаттар қажет:

- Паспорт көшірмесі (жеке деректері бар беттер);
- Білім туралы құжат – орта білім аттестаты немесе соған теңестірілген құжат қосымшасымен (бағалар тізімімен);
- Білім туралы шетел тілінде берілген барлық құжаттардың қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы.

Ескерту: аттестат пен қосымшаның аудармасын Қазақстанда нотариус арқылы келген соң немесе алдын ала жасауға болады;

- Ағылшын тіліндегі мотивациялық эссе (бағдарламаны және университетті таңдаудың себептерін түсіндіру);
- Ұсыным хат (оқытушыдан немесе жетекшіден, үміткердің академиялық қабілетін растайтын құжат);
- Медициналық анықтамалар: шетелде оқуға арналған медициналық анықтама (075/у нысаны) екпелер көрсетілген, ВИЧ/ЖИТС-ке тесттің теріс нәтижесі, тұрғылықты елдің ресми денсаулық сақтау органынан берілген. Қажет болған жағдайда бұл анықтамаларды Қазақстанға келген соң да рәсімдеуге болады;;
- Белгіленген үлгідегі фотосурет (3×4 см – әдетте 6 дана) – студенттің жеке іс қағаздары мен өткізу құжатын рәсімдеуге қажет;
- Университеттен шақыру хаты – паспорт пен білім туралы құжаттың көшірмесі алынған соң университет береді. Бұл шақыру студенттік виза ашу үшін қажет

6.25.1.3. Құжаттарды тапсыру мерзімдері

Шетел азаматтары оқуға түсу процесін алдын ала бастай алады; университет шетелдік талапкерлерді ақылы негізде жыл бойы қабылдайды, бұл университетке ресми шақыруды рәсімдеуге және талапкердің уақытылы виза алуына мүмкіндік береді.

Құжаттарды онлайн-өтініш беру кезінде электронды түрде тапсыруға болады; түпнұсқалар қабылдау кезінде тексеру үшін көрсетіледі.

Егер шетелдік диплом/аттестат нострификацияны (Қазақстан Республикасында тануды) талап етсе, талапкер білім туралы құжатты тану рәсімінен белгіленген тәртіпте оқуға түскеннен кейін өтеді (қабылдау комиссиясы құжаттарды қабылдау сатысында шетелдік үлгідегі құжаттарды қабылдайды).

6.25.1.4. Әңгімелесуден өту.

Құжаттар қабылданғаннан кейін университет шетелдік талапкермен ауызша әңгімелесу өткізеді, ол қабылдау емтиханының рөлін атқарады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады, онда талапкердің жалпы дайындық деңгейі, мотивациясы және таңдалған мамандыққа бейімділігі бағаланады. Әңгімелесу барысында мамандық бойынша жалпы сұрақтар қойылуы мүмкін, талапкердің эрудициясы мен кәсіби таңдаудың саналы екендігі тексеріледі.

Шетелдік талапкерлер үшін әңгімелесу кестесін Университеттің ҚК белгілейді – әңгімелесулер құжаттар тапсырылған сайын өткізіледі (жыл бойы өтініштер болған жағдайда).

Бакалавриат бағдарламаларына түсетін шетелдік талапкерлер үшін ҰБТ (Қазақстан азаматтары үшін негізгі емтихан) тапсыру талап етілмейді; оның орнына ішкі әңгімелесуден өту жеткілікті.

6.25.1.5. Шақырту

Әңгімелесуден сәтті өткен және оқуға қабылданған шетелдік талапкер Қазақстан Республикасында оқу үшін студенттік виза алуы тиіс. Осы кезеңде университет талапкердің атына ресми шақыру хатын (Letter of Invitation) рәсімдейді.

Шақыруды рәсімдеу үшін әдетте шетелдік талапкердің паспорты мен білім туралы құжатының көшірмесі алдын ала беріледі (бұл құжаттар құжаттарды тапсыру кезінде ұсынылады).

Университеттің Қабылдау комиссиясы шақыруды рәсімдеп, оны ҚР ІІМ немесе ШІМ арқылы тіркейді, содан кейін талапкерге жібереді.

Шақыру әдетте маусым–шілде айларында (әңгімелесу мен алдын ала іріктеуден кейін) рәсімделеді. Бұл процесс 2–4 аптаға дейін созылуы мүмкін.

6.25.1.5. Қабылдау комиссиясының шешімі

Әңгімелесу нәтижелері негізінде Университеттің Қабылдау комиссиясы (ҚК) талапкерді шақыру туралы ресми шешім қабылдайды. Әңгімелесу нәтижесі мен шешім хаттамада рәсімделеді, онда әңгімелесудің қорытындысы және ұсынылған қабылдау туралы шешім көрсетіледі.

Шетелдік талапкерлерді ақылы оқуға қабылдау шешімі хаттама негізінде қабылданады.

Егер талапкер талаптарға сәйкес болса (әңгімелесуден сәтті өткен және құжаттар толық), ҚК мүшелері көпшілік дауыспен оның кандидатурасын мақұлдайды. Хаттамаға ҚК төрағасы мен мүшелері қол қояды.

Осы хаттама негізінде университет шетелдік талапкерге ресми шақыру

береді.

Ақылы негізде оқу үшін әңгімелесуден өткен және толық құжаттарды ұсынған барлық шетелдік талапкерлер, оқуға ақы төлеуге дайын болған жағдайда, қабылданады.

Шетел азаматтары ҚР Оқу-ағарту министрлігінің мемлекеттік білім беру гранттарына қатыспайды, сондықтан оларды университет тікелей қабылдайды.

6.25.1.6. Студенттік виза алу

Шақыруды алғаннан кейін талапкер өз еліндегі (немесе жақын елдегі, егер оның елінде ҚР елшілігі жоқ болса) Қазақстанның консулдығына немесе елшілігіне студенттік визаны рәсімдеу үшін жүгінеді.

Виза алу үшін талапкер визалық анкетаны толтырады, шақыру хатын, паспортын, фотосуретті, төленген консулдық алымдар түбіртегін және басқа да қажетті құжаттарды (анықтамалар, қаржыландыруды растау – талап етілсе) тапсырады.

Виза рәсімдеу мерзімі ел мен консулдыққа байланысты (орта есеппен 5-тен 15 жұмыс күніне дейін). Визаны алу үшін құжаттарды тамыз айының басына дейін тапсыру ұсынылады, осылайша оқу басталғанға дейін жарамды виза болуы қамтамасыз етіледі.

Кейбір елдердің азаматтары Қазақстанмен визасыз режимге немесе жеңілдетілген электронды виза рәсімдеу тәртібіне ие. Бұл жағдайда да университеттің шақыру хаты талап етіледі, бірақ визаны онлайн немесе әуежайда алу мүмкін болады (елдер тізімі бойынша нақтыланады).

Визаны алғаннан кейін шетелдік студент Қазақстан Республикасына (Семей қаласына) келуін жоспарлайды.

- Қабылдау

Студенттер қатарына түпкілікті қабылдау тиісті қабылдау туралы бұйрық шығару арқылы жүргізіледі. Бакалавриатқа шетел азаматтарын қабылдау туралы бұйрық академиялық күнтізбеге сәйкес, келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жарияланады. Осы кезеңде шетелдік студент пен университет арасында ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалады (шетел азаматтарын оқыту Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шарт негізінде жүргізіледі).

Шетелдік студент белгіленген оқу ақысының жылдық көлемін (шартқа сәйкес) төлейді.

Университетте оқу жылы академиялық күнтізбеге сәйкес басталады.

Университет қосымша қабылдау (мысалы, көктемгі семестрге қысқы қабылдау) жүргізуі мүмкін. Ережелерге сәйкес, оқуға қабылдау 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін де жүргізіледі.

- Жатақханаға орналасу

Ресми қабылданғаннан кейін шетелдік студент оқу басталғанға дейін университетке келіп, бірқатар ұйымдастыру мәселелерін шешуі тиіс.

Жатақханаға орналасу. Университеттің өз жатақханалары бар және басқа қаладан келген немесе шетелдік студенттерге орын бере алады.

Шетелдік студент жатақханаға тұруға алдын ала (келмей тұрып немесе келгеннен кейін) өтініш береді. Университетте электронды қоныстандыру жүйесі енгізілген: өтініш АИС «Platonus» арқылы беріліп, оған жатақхана ақысы төленген түбіртек қоса тіркеледі.

Жатақхана орнының ақысы баға преysкуранты бойынша төленеді. Өтініш деканатта, жатақхана комендантында және Университеттің Жастарды әлеуметтік қолдау және дамыту орталығында бекітіледі.

Жатақханаға қоныстандыру – қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін, оқу жылы басталар алдында жүргізіледі.

- Көші-қон тіркеуі.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, студенттік виза бойынша келген шетел азаматтары тұрған жері бойынша тіркелуі тиіс. Университет қабылдаушы тарап ретінде студентке көші-қон рәсімдерін орындауға көмектеседі.

Семей қаласына келгеннен кейін студент университеттің Халықаралық ынтымақтастық орталығына визасы бар паспортын және шекарадан өткен кезде берілген көші-қон картасын тапсырады. Университет белгіленген мерзімде (әдетте, келген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде) жергілікті көші-қон қызметіне (Полицияның көші-қон қызметі) студенттің келгені туралы хабарлама жібереді. Бұл тіркеу студенттің Қазақстанда оқу кезеңінде заңды тұруын растайды.

Студентке тіркеу туралы анықтама немесе көші-қон картасына/паспорт парағына белгі қойылады.

Маңызды: тұрғылықты жерді ауыстырғанда немесе визаны ұзартқанда университет студентке көші-қон рәсімдерінде де сүйемелдеу көрсетеді. Шетелдік студент Қазақстанда жүргенде жеке басын куәландыратын құжат пен тіркеу туралы құжатты әрқашан өзімен бірге алып жүруі қажет.

Медициналық қызмет көрсету және сақтандыру

Қазақстанда оқу үшін студенттің қолында жарамды медициналық сақтандыру болуы тиіс. Студент келгеннен кейін алғашқы апталарда медициналық сақтандыруды рәсімдеуі (егер ол алдын ала жасалмаған болса) және базалық медициналық тексеруден өтуі қажет.

Әдетте, университеттің медициналық пунктіне студент 075/у нысанындағы медициналық анықтаманы (немесе баламасын), флюорография нәтижесін (туберкулездің жоқтығын дәлелдейтін рентген суреті) тапсырады. Бұл анықтаманы студенттік емханадан алуға болады. Сонымен қатар, Қазақстанда жергілікті талаптарға сәйкес кейбір анализдерді (мысалы, ВИЧ тестін) қайта тапсыру талап етілуі мүмкін.

Университет оқу жылының басында студенттерге жоспарлы медициналық тексерулер мен вакцинация жүргізуді ұйымдастырады. Барлық қажетті екпелер мен инфекциялық мәртебеге қатысты анықтамалардың болуы сабаққа және жатақханада тұруға рұқсат алу үшін маңызды.

А/

7. Жоғары білімі, техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін қабылдау емтиханын (әңгімелесуді) өткізу тәртібі

7.1. Жоғары білімі, техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғаларды ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін қарастыратын білім беру бағдарламалары топтары бойынша университетке қабылдау университеттің қабылдау комиссиясымен әңгімелесу немесе тестілеу түрінде жүзеге асырылады.

Әңгімелесуге қатысуға өтініш қабылдау, сондай-ақ оны өткізу ағымдағы жылдың 01 шілдесінен 20 тамызына дейінгі кезеңде жүзеге асырылады.

7.2. Әңгімелесуге немесе тестілеуге қатысу үшін талапкерлер қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады (төтенше жағдай жағдайында, карантиндік шараларды күшейту/сақтау кезінде университеттің ақпараттық жүйесі арқылы онлайн режимде):

- 1) әңгімелесуге немесе тестілеуге қатысуға өтініш
- 2) білім туралы құжат және оған қосымша (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

7.3. Тестілеу құжаттарды тапсырған күні немесе талапкер тандаған күні өткізіледі (талапкер тандаған тестілеу күні өтініш пен құжаттарды тапсырған күннен бастап 3 тәуліктен аспауы тиіс). Тест сұрақтарының саны – 20, әрбір бейіндік пән бойынша 10 сұрақтан. «Жарамды» болып екі пән бойынша 6 (30%) және одан да көп дұрыс жауап есептеледі.

7.4. Әңгімелесу немесе тестілеу төтенше жағдай кезінде, карантиндік шараларды күшейту/сақтау кезінде бейне-конференц байланыс платформаларын қолдану арқылы онлайн режимде өткізіледі.

7.5. Жоғары білімі, техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін қарастыратын білім беру бағдарламалары топтары бойынша әңгімелесу өткізу үшін университеттің қабылдау комиссиясы төрағасы бекітетін комиссия құрылады. Комиссия құрамына университет кафедраларының профессорлық-оқытушылық құрамы кіреді. Комиссиялар құрамы Қазақстан Республикасында жоғары білімді кадрларды даярлау бағыттарын ескере отырып қалыптастырылады. Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы тиіс.

7.6. Әңгімелесуді өткізу нәтижелері белгіленген нысандағы бағалар ведомосімен және комиссия хаттамасымен рәсімделіп, нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және барлық қатысқан комиссия мүшелері қол қояды. Хаттама әрбір талапкерге жеке рәсімделеді және оның жеке ісіне тігіледі.

Тестілеу нәтижелері талапкерге тестілеу аяқталғаннан кейін хабарланады. Егер тестілеу нәтижелері «жарамсыз» деп танылса және/немесе талапкер тест сұрақтарының мазмұнына не техникалық себептерге байланысты нәтижелерге келіспесе, оған апелляцияға немесе қайта тестілеуге

өтініш жазуға мүмкіндік беріледі. «Жарамсыз» тестілеу нәтижелері бар талапкерге үш ретке дейін қайта тапсыруға рұқсат етіледі.

Білім беру бағдарламалары бойынша жинақталған тізімдемеге емтихан комиссиясының төрағасы және барлық қатысқан мүшелері қол қояды. Әрбір талапкерге білім беру бағдарламалары бойынша жинақталған тізімдемеден үзінді рәсімделіп, жеке ісіне тігіледі. Әрбір оқуға түсушіге білім беру бағдарламалары бойынша жиынтық тізімдемеден үзінді рәсімделіп, оның жеке ісіне тігіледі.

7.7. Әңгімелесу өткізу кезеңінде бірыңғай талаптарды сақтау және талапкерлердің даулы мәселелерін шешу мақсатында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі.

Апелляцияға өтініштер әңгімелесу нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күннің сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия тарапынан бір күнтізбелік күн ішінде қарастырылады. Талапкер апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қарастырылмайды (төтенше жағдай кезінде, карантиндік шараларды күшейту/сақтау кезінде университеттің ақпараттық жүйесі арқылы онлайн режимде).

Апелляциялық комиссияның жұмысы отырыс хаттамасымен рәсімделеді, оған төраға мен комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды. Апелляциялық комиссия талапкерді апелляция қорытындыларымен хабардар етеді.

8. Колледжге техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау тәртібі

8.1 Техникалық персоналдың жұмысын ұйымдастыруды колледж директоры жүзеге асырады, ол азаматтарды қабылдайды, қабылдау мәселелері бойынша азаматтардың жазбаша сұрауларына жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, әңгімелесулерді, арнайы және шығармашылық емтихандарға дейінгі кеңестерді ұйымдастырады, емтихандық және жазбаша жұмыстарды шифрлау және дешифрлау жұмыстарын жүргізеді.

8.2 Педагогикалық мамандықтар бойынша, сондай-ақ арнайы немесе шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша арнайы және шығармашылық емтихандарды өткізу үшін емтихан комиссиясы құрылады. Емтихан комиссиясының құрамына әлеуметтік серіктестер, білім беру ұйымдарының, БАҚ-тың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

Емтихан комиссиясы 20 маусымнан кешіктірілмей Директорлар кеңесінің төрағасы – Ректордың бұйрығымен құрылады. Емтихан комиссиясының төрағасы – колледж директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

8.3 Емтихан комиссиясының шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып саналады және қатысқандардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында аудио немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио немесе бейнежазба колледж архивінде кемінде бір жыл сақталады.

8.4 Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда қабылдау комиссиясының жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып жүргізіледі.

8.5 Колледжге мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша, сондай-ақ арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау тұлғалардың өтініштері негізінде колледждің жобалық мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады (ҚР БҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы).

Орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс негізінде қабылдау тұлғалардың өтініштері негізінде конкурс арқылы жүзеге асырылады.

8.6 Орта білімнің негізгі, жалпы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім негізінде колледжге ақылы негізде оқуға өтініш қабылдау, арнайы және шығармашылық емтихандарды өткізу, тұлғаларды оқуға қабылдау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

8.7 Колледжге оқуға өтініштерді қабылдау:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша – 20 маусымнан 25 тамызға дейін, кешкі оқу түріне – 20 маусымнан 20 қыркүйекке дейін;

2) орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша:

- күндізгі оқу түріне – 20 маусымнан 18 тамызға дейін;
- кешкі және сырттай оқу түрлеріне – 20 маусымнан 20 қыркүйекке дейін;
- шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша – 20 маусымнан 20 шілдеге дейін;
- педагогикалық мамандықтар бойынша – 20 маусымнан 15 тамызға дейін.

8.8 Мемлекеттік қызметті алу үшін талапкер колледжге (бұдан әрі – көрсетілуші) немесе «электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – портал)

жүгінеді және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

8.9 Құжаттарды кәмелетке толғандар жеке өзі, кәмелетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен ұсынады.

8.10 Құжаттар Портал арқылы тапсырылған жағдайда талапкердің «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама және өтінімнің қаралу мәртебесі туралы ақпарат көрсетіледі.

8.11 Талапкер толық емес құжаттар топтамасын немесе қолдану мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкері қағаз түрінде немесе Портал арқылы талапкердің «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында дәлелді бас тарту жібереді.

8.12 Толық құжаттар топтамасы ұсынылған жағдайда көрсетілуші құрылымдық бөлімшенің қызметкері талапкерге құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

8.13 Көрсетілуші мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері туралы мәліметтерді мемлекеттік қызметтер көрсетуді мониторингтеу ақпараттық жүйесіне уәкілетті орган бекіткен тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

8.14 Талапкерлердің өтініштері колледждің оқу түрлері бойынша тіркеу журналдарында тіркеледі.

8.15 Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларына түсетін тұлғаларға, сондай-ақ орта буын мамандықтарына түсетін, бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар тұлғаларға әңгімелесу өткізіледі. Қабылдау комиссиясы талапкермен жеке әңгімелесуді 20 минуттан аспайтын уақытта өткізеді. Әңгімелесу сұрақтарының тізбесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

8.16 Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы өткізіледі..

8.17 Колледжге мемлекеттік тапсырыс бойынша білікті жұмысшы кадрларды даярлауға бөлінген орындардан артық талапкерлер болған жағдайда қабылдау орташа конкурстық балл негізінде жүзеге асырылады.

8.18 Қабылдауға квота қарастырылған тұлғаларға жататындығын растайтын құжаттар қабылдау комиссиясына ұсынылады.

8.19 Қабылдау комиссиясы 20 маусымнан бастап талапкерлердің және квотаға жататын тұлғалардың тізімін қалыптастырады және орташа конкурстық баллды көрсете отырып, оны білім беру ұйымының сайтында орналастырады және күн сайын жаңартып отырады.

8.20 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды колледжге оқуға қабылдау медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысын ескере отырып жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар әңгімелесуге өтініш берген кезде мамандықтар мен біліктіліктерді медициналық-әлеуметтік сараптаманың (медициналық анықтаманың) қорытындысында көрсетілген ұсыныстар мен қарсы көрсетілімдерді, сондай-ақ таңдалған мамандықтарға қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып таңдайды.

8.21 Орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға түсетін тұлғалар кәсіби диагностикадан (анкета толтыру) өту және Конкурсқа қатысу үшін білім басқармасының ақпараттық жүйесінде 20 маусымнан бастап тіркеледі.

8.22 Кәсіби диагностика нәтижелері бойынша талапкерге ұсынылатын мамандықтарға қатысты ұсыныстар мен кәсіби карталар беріледі. Кәсіби диагностика нәтижелері ұсынымдық сипатқа ие.

8.23 Кәсіби диагностикадан өткеннен кейін педагогикалық мамандықтарға, сондай-ақ арнайы және шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтарға оқуға түсетін тұлғалар білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы ТЖКБ ұйымдарының ішінен бірінші таңдаған колледжге арнайы және шығармашылық емтихандар тапсыруға жіберіледі.

8.24 Колледжге педагогикалық мамандықтарға түсетін тұлғалар арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсырады (3-қосымша).

8.25 Педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізу мерзімдері:

- негізгі орта білім базасында – ағымдағы жылдың 18 тамызына дейін;
- жалпы орта білім базасында – ағымдағы жылдың 21 тамызына дейін;
- шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар үшін – ағымдағы жылдың 28 шілдесіне дейін белгіленеді.

8.26 Педагогикалық және шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтарға арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарға қатысу үшін көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүмкіндігі шектеулі балалар және мүгедектер ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ережеге сәйкес (мемлекеттік тіркеу № 10589) белгіленген нысандағы мүгедектік туралы анықтаманы ұсынады және қажет болған жағдайда емтихан комиссиясының төрағасына еркін нысандағы қосымша өтініш жазып, келесі жағдайларды сұрай алады:

- 1) жеке аудитория бөлу;
- 2) арнайы немесе шығармашылық емтихан тапсыратын пәндер бойынша оқытушы болып табылмайтын көмекшіні беру – көру қабілеті мен тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектер үшін; ым-ишара тілін білетін маманды беру – есту қабілеті бұзылған мүгедектер үшін.

8.27 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың өткізілу нысаны мен тәртібі (күні, уақыты, орны, консультациялар) Басқарма Төрағасы

– Ректор тарапынан бекітіледі және өтініш қабылдау кезінде талапкерлерге хабарланады.

8.28 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына талапкерлер жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде ғана жіберіледі

8.29 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық беттерді рәсімдеуге қойылатын талаптар түсіндіріледі, сондай-ақ емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляция беру тәртібі хабарланады.

Арнайы және шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде:

1) арнайы және шығармашылық емтихандар «3», «4», «5» бағаларымен бағаланады;

педагогикалық бағыттағы арнайы емтихан («Дене шынықтыру және спорт» мамандығынан басқа) «жіберілді» немесе «жіберілмеді» нысанында бағаланады.

8.30 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан нәтижелері бағалау ведомосына рәсімделеді. Арнайы және шығармашылық емтихандарды және әңгімелесуді өткізу барысында аудио-бейнежазба жасалады, ол колледж архивінде кемінде бір жыл сақталады.

8.31 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады және сол күні колледждің ақпараттық стендтерінде немесе интернет-ресурстарында орналастырылады.

8.32 Арнайы және шығармашылық емтихан нәтижелерін бағалау кезінде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, талапкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады.

8.33 Емтихан нәтижелерімен келіспейтін тұлға апелляцияға өтініш береді. Апелляцияға өтініш емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күнгі сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссияға беріледі және өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде талапкердің қатысуымен қаралады.

8.34 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан нәтижелері колледж тарапынан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсу Конкурсына қатысу үшін білім басқармасының ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

8.35 Орта буын мамандығы және қолданбалы бакалавриат бойынша Конкурсқа негізгі орта, жалпы орта білім базасында, сондай-ақ білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын аяқтаған тұлғалар қатысады.

Медициналық мамандықтарға түсетін тұлғалар Колледж белгілеген нысандағы психометриялық тестілеу нәтижелері бойынша Конкурсқа жіберіледі.

Негізгі орта білім базасында оқуға түсетіндер 18 тамызға дейін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында оқуға түсетіндер 20 тамызға дейін білім басқармасының ақпараттық жүйесінде Конкурсқа өтініш береді

8.36 Конкурсқа өтініш берген кезде талапкерлер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен төрт мамандыққа дейін, қажет болған жағдайда біліктілікті, ТЖКБ ұйымдары бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі комиссиялар бекіткен төрт колледжге дейін таңдайды, оқу тілін (қазақ, орыс, ағылшын), білім деңгейін көрсетеді және білім басқармасы әзірлеген Конкурсты өткізу жөніндегі бірыңғай нұсқаулықпен танысады.

8.37 Абитуриенттердің өтініштері бойынша қабылдау жүргізетін колледж қабылданған талапкерлерді 18 тамызға дейін арнайы мамандықтар мен біліктілікті көрсете отырып, білім басқармасының ақпараттық жүйесінде тіркейді.

8.38 Конкурс білім басқармасы тарапынан автоматтандырылған түрде өткізіледі. Үміткерлердің орташа конкурстық балы міндетті және бейіндік пәндер бойынша аттестаттағы бағалар негізінде анықталады.

Педагогикалық, медициналық және шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтарға түсетіндер үшін орташа балл міндетті және бейіндік пәндер бойынша аттестаттағы бағалармен қатар, колледж өткізген арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан нәтижелері ескеріледі. Қабылдау квотасы есепке алынады.

8.39 Негізгі орта білім базасында оқуға түсетіндер үшін Конкурс ағымдағы жылдың 19–22 тамызы аралығында, жалпы орта білім базасында және ТЖКБ түлектері үшін – 22–25 тамыз аралығында өткізіледі.

8.40 Білім туралы құжаты басқа елде берілген тұлғалар үшін, егер онда осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген міндетті және бейіндік пәндер көрсетілмесе, міндетті және бейіндік пәндердің тізбесін қабылдау комиссиясы білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы анықтайды.

8.41 Әңгімелесу қорытындылары бойынша қабылданған талапкерлер колледж тарапынан мамандық пен біліктілік көрсетіліп, білім басқармасының ақпараттық жүйесінде тіркеледі.

8.42 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінген орындар толық толтырылмаған жағдайда, топтар 15 адамнан аз болғанда немесе талапкерлер қамтылмаған жағдайда 29 тамызға дейін №122 бұйрыққа сәйкес мамандықтар мен колледждер арасында мемлекеттік тапсырыс қайта бөлінеді.

8.43 Конкурс қорытындысы бойынша абитуриент оқушылар қатарына қабылдану үшін колледжге құжаттар топтамасын тапсырады.

8.44 Орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен рәсімделеді:

- 1) күндізгі оқу түрі бойынша – ағымдағы жылдың 31 тамызына дейін;
- 2) кешкі және сырттай оқу түрлері бойынша – ағымдағы жылдың 30 қыркүйегіне дейін.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау:

1) күндізгі оқу түрі бойынша – ағымдағы жылдың 31 тамызына дейін әңгімелесу нәтижелері бойынша;

2) кешкі және сырттай оқу түрлері бойынша – ағымдағы жылдың 30 қыркүйегіне дейін негізгі орта немесе жалпы орта білім туралы құжаттардағы бейіндік пәндер бойынша бағалар мен әңгімелесу нәтижелерін ескере отырып іріктеу негізінде жүргізіледі.

2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларды оқуға қабылдау ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы №646 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (мемлекеттік тіркеу №17800).

8.45 Қабылдау нәтижелері күндізгі оқу түріне қабылданған орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауға – 31 тамызға дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлауға – 31 тамызға дейін, кешкі және сырттай оқу түрлеріне қабылданғандарды даярлауға – 30 қыркүйекке дейін қабылдау комиссиялары тарапынан ақпараттық стендтерде немесе колледждің интернет-ресурстарында жарияланады.

Қосымша 1
«Шәкәрім университеті» КеАҚ жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау
Қағидаларына

Оқуға қабылдау жүргізілетін кадрларды даярлау бағыттарының тізбесі
Бакалавриат

Кадрларды даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	ББ топтары	
1	2	
Білім беру саласы 6B01 – Педагогикалық ғылымдар		
6B011 Педагогика және психология	V001 Педагогика және психология	
6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	V002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	
6B013 Пәндік маманданусыз мұғалімдерді даярлау	V003 Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	
6B014 Жалпы даму пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	V005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	
6B014 Жалпы даму пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	V006 Музыка мұғалімдерін даярлау	
6B014 Жалпы даму пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	V007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	V009 Математика мұғалімдерін даярлау	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	V010 Физика мұғалімдерін даярлау	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	V011 Информатика мұғалімдерін даярлау	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	V012 Химия мұғалімдерін даярлау	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	V013 Биология мұғалімдерін даярлау	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	V014 География мұғалімдерін даярлау	
6B016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	V015 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	

А

6B017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	
6B017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	
6B017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B018 Шетел тілі мұғалімдерін даярлау	
Білім беру саласы 6B02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар		
1	2	
6B021 Өнер	B031 Сән, дизайн	
6B023 Тілдер және әдебиет	B036 Аударма ісі	
6B023 Тілдер және әдебиет	B037 Филология	
6B022 Гуманитарлық ғылымдар	B034 Тарих	
6B022 Гуманитарлық ғылымдар	B134 Археология және этнология	
Білім беру саласы 6B03 – Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат		
6B031 Әлеуметтік ғылымдар	B041 Психология	
6B032 Журналистика және ақпарат	B042 Журналистика және репортерлік іс	
Білім беру саласы 6B04 – Бизнес, басқару және құқық		
6B041 Бизнес және басқару	B044 Менеджмент және басқару	
6B041 Бизнес және басқару	B045 Аудит және салық салу	
6B041 Бизнес және басқару	B046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	
Білім беру саласы 6B05 – Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика		
6B051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	B050 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	
6B052 Қоршаған орта	B051 Қоршаған орта	
6B053 Физикалық және химиялық ғылымдар	B053 Химия	
6B053 Физикалық және химиялық ғылымдар	B054 Физика	
Білім беру саласы 6B06 – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар		
6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	B057 Ақпараттық технологиялар	

Білім беру саласы 6B07 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары		
6B071 Инженерия және инженерлік іс	B062 Электротехника және энергетика	
6B071 Инженерия және инженерлік іс	B063 Электротехника және автоматтандыру	
6B071 Инженерия және инженерлік іс	B064 Механика және металл өңдеу	
6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	B068 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	
6B073 Архитектура және құрылыс	B074 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	
6B075 Стандартизация, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	B076 Стандартизация, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	
Білім беру саласы 6B08 – Ауыл шаруашылығы және биоресурстар		
6B081 Агрономия	B077 Өсімдік шаруашылығы	
6B082 Мал шаруашылығы	B078 Мал шаруашылығы	
6B083 Орман шаруашылығы	B079 Орман шаруашылығы	
Білім беру саласы 6B09 Ветеринария		
6B091 Ветеринария	B083 Ветеринария	
Білім беру саласы 6B11 – Қызметтер		
6B112 Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау	B094 Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	
6B113 Көлік қызметтері	B095 Көлік қызметтері	

Магистратура

Код және даярлық бағыттарының жіктелуі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	
1	2	
Білім беру саласы 7M01 – Педагогикалық ғылымдар		
7M011 Педагогика және психология	M001 Педагогика және психология	
7M012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	M002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	
7M013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау	M003 Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау	
7M014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылуы бар педагогтерді	M005 Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	

даярлау	M006 Музыка педагогтерін даярлау	
	M007 Бейнелеу өнері, графика және жобалау педагогтерін даярлау	
7M015 Жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша педагогтерді даярлау	M010 Математика педагогтерін даярлау	
7M015 Жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша педагогтерді даярлау	M011 Физика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілдері)	
7M015 Жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша педагогтерді даярлау	M012 Информатика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілдері)	
7M015 Жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша педагогтерді даярлау	M013 Химия педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілдері)	
7M015 Жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша педагогтерді даярлау	M014 Биология педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілдері)	
7M015 Жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша педагогтерді даярлау	M015 География педагогтерін даярлау	
7M016 Подготовка педагогов по гуманитарным предметам	M016 Тарих педагогтерін даярлау	
7M017 Подготовка учителей по языкам и литературе	M017 Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау	
7M017 Подготовка учителей по языкам и литературе	M018 Орыс тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау	
7M017 Подготовка учителей по языкам и литературе	M019 Шет тілі педагогтерін даярлау	
Білім беру саласы		
7M03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат		
7M031 Әлеуметтік ғылымдар	M066 Психология	
Білім беру саласы		
7M04 Бизнес, басқару және құқық		
7M041 Бизнес және басқару	M070 Экономика	
7M041 Бизнес және басқару	M072 Менеджмент	
7M041 Бизнес және басқару	M073 Аудит және салық салу	
Білім беру саласы		
7M05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика		
7M051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	M082 Биотехнология	
7M053 Физикалық және химиялық ғылымдар	M089 Химия	
7M053 Физикалық және химиялық ғылымдар	M090 Физика	

Білім беру саласы		
7M06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар		
7M061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	M094 Ақпараттық технологиялар	
Білім беру саласы		
7M07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары		
7M071 Инженерия және инженерлік іс	M098 Жылуэнергетика	
7M071 Инженерия және инженерлік іс	M099 Энергетика және электротехника	
7M071 Инженерия және инженерлік іс	M100 Автоматтандыру және басқару	
7M071 Инженерия және инженерлік іс	M103 Механика және металл өңдеу	
7M072 Өндірістік және өңдеу салалары	M111 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	
7M073 Архитектура және құрылыс	M124 Құрылыс	
7M075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	M130 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	
Білім беру саласы		
Ауыл шаруашылығы және биоресурстар		
7M081 Агрономия	M131 Өсімдік шаруашылығы	
7M082 Мал шаруашылығы	M132 Мал шаруашылығы	
7M083 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	M133 Орман шаруашылығы	
Область образования 7M09 Ветеринария		
7M091 Ветеринария	M138 Ветеринария	

Докторантура

Код және даярлау бағыттарының жіктелуі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	
1	2	
Білім беру саласы 8D01 Педагогикалық ғылымдар		
8D016 Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтерді даярлау	D016 Тарих пәні мұғалімдерін даярлау	
Білім беру саласы		
8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика		
8D053 Физикалық және химиялық ғылымдар	D089 Химия	
8D053 Физикалық және химиялық ғылымдар	D090 Физика	

Білім беру саласы		
8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары		
8D071 Инженерия және инженерлік іс	D100 Автоматтандыру және басқару	
8D071 Инженерия және инженерлік іс	D103 Механика және металл өңдеу	
8D072 Өндірістік және өңдеу салалары	D111 Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	
Білім беру саласы 8D09 Ветеринария		
8D091 Ветеринария	D138 Ветеринария	

Қосымша 2
«Шәкәрім университеті» КеАҚ жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау
Қағидаларына

**Арнайы және шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру
топтарының тізімі**

ББ тобының нөмірі	ББ топтарының атауы	
Арнайы дайындықты қажет ететін ББ топтары		
B001	Педагогика және психология	
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	
B003	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	
B013	Биология мұғалімдерін даярлау	
B014	География мұғалімдерін даярлау	
B015	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	
B018	B018 Шетел тілі мұғалімдерін даярлау	
Шығармашылық дайындықты қажет ететін ББ топтары		
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	
B031	Сән, дизайн	
B042	Журналистика және репортерлік іс	



Форма проведения специального и творческого экзаменов

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі		ББ топтарының атауы		
Шығармашылық даярлықты қажет ететін ББ тобы Шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны				
БББ тобының нөмірі	БББ тобының атауы	Шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны		
		1 емтихан	2 емтихан	
1	2	3	4	
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер*	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер	
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындау шеберлігі*	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету	
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті) *	Кескіндеме (натюрморт)	
B031	Сән, дизайн	Сурет, кескіндеме 2*	Композиция 2 немесе сызу	
B042	Журналистика және репортер ісі	Шығарма*	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу	

Қосымша 4
«Шәкәрім университеті» КеАҚ жоғары және
жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау
Қағидаларына

Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары топтары бойынша шекті балл

Код және даярлау бағыттарының жіктелуі	ББ топтарының атауы	Шекті балл	
6B011 Педагогика және психология	B001 Педагогика және психология	75	
6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	B002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	75	
6B013 Пәндік маманданусыз мұғалімдерді даярлау	B003 Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	75	
6B014 Жалпы даму пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	75	
6B014 Жалпы даму пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B006 Музыка мұғалімдерін даярлау	75	
6B014 Жалпы даму пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	75	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B009 Математика мұғалімдерін даярлау	75	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B010 Физика мұғалімдерін даярлау	75	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B011 Информатика мұғалімдерін даярлау	75	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B012 Химия мұғалімдерін даярлау	75	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B013 Биология мұғалімдерін даярлау	75	
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B014 География мұғалімдерін даярлау	75	
6B016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	B015 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	75	

6B017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	75	
6B017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	75	
6B017 Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B018 Шетел тілі мұғалімдерін даярлау	75	
6B021 Өнер	B031 Сән, дизайн	50	
6B023 Тілдер және әдебиет	B036 Аударма ісі	50	
6B023 Тілдер және әдебиет	B037 Филология	50	
6B022 Гуманитарлық ғылымдар	B034 Тарих	50	
6B022 Гуманитарлық ғылымдар	B134 Археология және этнология	50	
6B031 Әлеуметтік ғылымдар	B041 Психология	50	
6B032 Журналистика және ақпарат	B042 Журналистика және репортерлік іс	50	
6B041 Бизнес және басқару	B044 Менеджмент және басқару	50	
6B041 Бизнес және басқару	B045 Аудит және салық салу	50	
6B041 Бизнес және басқару	B046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	50	
6B051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	B050 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	50	
6B052 Қоршаған орта	B051 Қоршаған орта	50	
6B053 Физикалық және химиялық ғылымдар	B053 Химия	50	
6B053 Физикалық және химиялық ғылымдар	B054 Физика	50	
6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	B057 Ақпараттық технологиялар	50	
6B071 Инженерия және инженерлік іс	B062 Электротехника және энергетика	50	
6B071 Инженерия және инженерлік іс	B063 Электротехника және автоматтандыру	50	
6B071 Инженерия және инженерлік іс	B064 Механика және металл өңдеу	50	
6B072 Өндірістік және өңдеу	B068 Азық-түлік	50	

салалары	өнімдерінің өндірісі		
6B073 Архитектура және құрылыс	B074 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	50	
6B075 Стандартизация, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	B076 Стандартизация, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	50	
6B081 Агрономия	B077 Өсімдік шаруашылығы	50	
6B082 Мал шаруашылығы	B078 Мал шаруашылығы	50	
6B083 Орман шаруашылығы	B079 Орман шаруашылығы	50	
6B091 Ветеринария	B083 Ветеринария	50	
6B112 Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау	B094 Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	50	
6B113 Көлік қызметтері	B095 Көлік қызметтері	50	

Ескертпе:

* оның ішінде Қазақстан тарихынан – кемінде 5 балл, математикалық сауаттылықтан – кемінде 3 балл, оқу сауаттылығынан – кемінде 3 балл және әрбір бейіндік пәннен (әрбір шығармашылық емтиханнан) кемінде 5 балл.